

Есіл өзені, Петропавл мен Сергеевка су бөгендері мен оларға құятын шағын өзендерге су қорғау аймақтары мен су қорғау белдемдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2003 жылғы 5 наурыздағы N 43 қаулысы . Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 28 наурызда N 872 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007 жылғы 28 мамырдағы N 123 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007.05.28 N 123 Шешімімен

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 21-бабы және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Су қорғау аймақтары мен белдемдері туралы ережені бекіту туралы" 1995 жылғы 27 қаңтардағы N 102 қаулысына сәйкес, Есіл өзені, Петропавл және Сергеев су бөгендері мен оларға құятын шағын өзендерді ластанудан, былғанудан, сарқылудан сақтандыруды күшейту, гидрологиялық режимді қолдау мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сужинағыш алаңда орташа-көпжылдық судың төменгі деңгейлі бөлігінен Есіл өзені, Сергеев пен Петропавл су бөгендерінің су қорғау аймақтарының ені - 500 м, жағалаулық су қорғау белдемдері - 100 м болып белгіленсін.

2. Су қорғау аймақтары мен жағалаулық су қорғау белдемдері белгіленген шаруашылық қызметке тартылған шағын өзендердің тізімі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Есіл өзені, Сергеев пен Петропавл су бөгендері мен оларға құятын шағын өзендердің белгіленген су қорғау аймақтары мен су қорғау белдемдерінде жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметін шектеу тізбесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Петропавл қаласының әкімі, аудандар мен селолық округ әкімдері, "Северводхоз" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны 2003-2004 жылдар аралығында көктемгі тасқын өткеннен кейін, халықтың демалыс орындарында, көпірлер мен өткелдерде су қорғау белгілерін орнатсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.В. Развинге жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімінің м.а.

О б л ы с

ә к і м д і г і н і н

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

5

н а у р ы з д а ғ ы

N

4 3

қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**Су қорғау аймақтары мен жағалаулық су қорғау белдемдерді белгілеумен
бірге шаруашылық қызметке қатысты шағын өзендер**

ТІЗІМІ

N	Ағын сулардың атауы	Қайда құяды	Ағын судың ұзындығы (км)	Су қорғау аймақтарының ені (м)	Жағалаулық су қорғау белдемдерінің ені (м)	Қызметі ағын суға әсер ететін аудандардың, село округтерінің атауы
1	2	3	4	5	6	7
1	Иман - Бұрлық өзені	Сергеевка су қоймасы	177	500	100	Айыртау ауданының Антоновка с/о, Казанка с/о, Украинский с/о; Шал ақын ауданының Кривошековка с/о
2	Сарыөзек өзені	Иман - Бұрлық өзені	66	500	50	Шал ақын ауданының Сухарабовка с/о
3	Бағанаты өзені	Сергеевка су қоймасы	15	500	20	Шал ақын ауданының Городецкий с/о
4	Чудасай өзені	Сергеевка су қоймасы	14,6	500	20	Шал ақын ауданының Юбилейный с/о
5	Жаманлоқ бұлағы	Иман - Бұрлық өзені	7,9	500	10	Шал ақын ауданының Сухарабовка с/о
6	Қамысақты өзені	Үлкен Тораңғұл көлі	106	500	20	Есіл ауданының Ясновский с/о
7	Ақан - Бұрлық өзені	Есіл өзені	207	500	100	Ғ.Мүсірепов ауданының Возвышенка с/о, Гаршинский с/о, Салқынкөл с/о, Чистопол с/о, Дружбинка с/о, Айыртау ауданының Нижнебурлук с/о
8	Бабық - Бұрлық өзені	Ақан - Бұрлық өзені	84	500	20	Ғ.Мүсірепов ауданының Тахтаброд с/о
9	Шарық өзені	Ақан - Бұрлық өзені	68	500	20	Ғ.Мүсірепов ауданының Рузаев с/о
10	Чаглинка өзені	Шағалы теңіз көлі	234	500	20	Тайынша ауданының Большеизюмовка с/о

О б л ы с

ә к і м д і г і н і ң

2003

ж ы л ғ ы

5

н а у р ы з д а ғ ы

N

4 3

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Есіл өзені, Петропавл мен Сергеевка су бөгендері мен оларға құятын шағын өзендерге су қорғау аймақтары мен су қорғау белдемдері белгіленген жерді пайдаланушылардың шаруашылық қызметін шектеу ТІЗІМІ

Су қорғау аймақтары шегінде сулардың ластану, былғану, сарқылуын болдырмау, инфекциялық аурулардың туындауы мен таралуын ескерту үшін т ы й ы м с а л ы н а д ы :

тыңайтқыштар, улы химикаттарды сақтау қоймалары, автожанар май құю станциялары, тұрақты автомобиль тұрақтары, техникалық қызмет пункттері мен автомашиналары және ауылшаруашылық техниканы жуу, қоқыс орындары, мал қорымы, улы химикаттарды толтыру алаңы, пестицидтермен ластанған ыдыстарды жуу, арнайы киім, машина мен жабдықтар, сонымен қатар ластанған жабдықтарға су жинау, ұшу-қону белдемдері, авиациялық-химиялық жұмыстарды өткізу үшін және өзен суларының сапасына зиянды әсер ететін басқа объектілердің құрылысы мен орнатылуы;

құрылыс, су түбін тереңдеткіш, жару жұмыстары пайдалы қазбаларды алу, коммуникацияны салу және жобалық құжаттарсыз басқа құрылыс жұмыстары, су ресурстарын басқару және қоршаған ортаны қорғау органдарымен келісілген жобалық құжаттарсыз басқа құрылыс жұмыстары;

малды тоқыту және малды санитарлық өңдеу;

рұқсат етілген шегінде концентрациялар белгіленбеген пестицидтерді қолдану, қарлы жамылғылар бойынша тыңайтқыштарды енгізу, зиянсыздандырылмаған ағын суларды тыңайтқыштар ретінде қолдану;

м а л д ы н о р м а л а м а й б а ғ у .

Сонымен қатар, жағалаулық су қорғау белдемдері шегінде тыйым салынады:

су жинағыш, су реттегіш және гидротехникалық құрылғылардан, қайық айлақшаларынан басқа жерлерді жырту, жазғы лагерьлерде мал шаруашылығын орналастыру, ағаш-бұталы өсімдіктерді шабу, малды бағу, шатырлы қалалар мен автомобиль тұрақтарын ұйымдастыру, ғимараттар мен құрылғылардың қ ұ р ы л ы с ы ;

тазартылмаған және зиянсыз етілмеген (өндірістік, коммуналдық, ауылшаруашылық) пайдаланылған суларды осы су қоймаларының жағалаулары мен мұздарға, сонымен қатар өндірістік, тұрмыстық және қалдықтар мен тастамаларды су объектілеріне шығарып тастау.

